Гуманитарлық пәндер бірлестік отырысының

№ 1 хаттамасы

25 тамыз 2021 жыл

Қатысқандар: барлығы

Тақырыбы: «2020-2021 оқу жылында әдістеме бірлестіктің атқарған жұмысы жайында есеп, 2021-2022 жаңа оқу жылына жоспар құру.»

Күн тәртібі

1. ӘБ 2020-2021 оқу жылында атқарған жұмысы жайында.
2.2021-2022 оқу жылына жоспарды бекіту.
3.Гуманитарлық пәндер декадасын жоспарлау. «Абай» клубының жоспары.
4.ҰБТ тапсыруға дайындық жұмысын жоспарлау.
5.Әртүрлі.

Күн тәртібінің бірінші және екінші сұрағы бойынша әдістеме жетекшісі Аубакирова Г.У. . «2020-2021 оқу жылында әдістеме бірлестіктің атқарған жұмысы жайында есеп» баяндамасын оқыды. Өткен оқу жылда карантинге қарамастан әдістеме бірлестік өз жұмысын жоспар бойынша атқарыды.Баяндамашы сонымен қатар жаңа оқу жылының жоспарымен таныстырды.

Күн тәртібінің үшінші бөлігі бойынша мұғалімдер «Абай» клубының жұмысы жайында сөз қозғады, жақсы деңгейде өткен іс- шараларды айтып өтті.

Күн тәртібінің төртінші бөлігі бойынша Асылтасова Ж.М.,Байконурова Б.А., сөз сөйледі,мұғалімдер келесі оқу жылға байланысты пікірлер айтылды, әтүрлі сұрақтар талқылады,дәптер жайында сөз қозғады.

Қаулы:

1. 2020-2021 оқу жылында әдістеме бірлестіктің атқарған жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2.Жаңа оқу жылының жоспары бекітілсін.
3. «Абай» клубының жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
4.БЖБ,ТЖБ жұмыстарын дәптерге жазуға болатыны бекітілді.
5.Айтылған ақпарат есепке алынсын.

ӘБ жетекшісі Аубакирова Г.У.

Гуманитарлық пәндер бірлестік отырысының

№ 2 хаттамасы

3 қараша 2021 жыл

Қатысқандар: барлығы
Тақырыбы: «Оқытудағы формативті бағалаудың рөлі»

Күн тәртібі

1.Ағылшын пәнін мұғалімі формативті бағалаудың оқытудағы тиімді тәсілдері жайында Мухамеджанова Г.Б. баяндамасы.
2.Формативті бағалау жайында пікір алмасу.
3.Мектепшілік олимпиадаға қатысу туралы, тапсырмаларды қарастыру.
4.Тарих пәнінің онкүндігін жоспарлау.
5.Әртүрлі.

Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша ағылшын тілі пән мұғалімі Мухамеджанова Г.Б. дайындаған презентациясын тамашаладық.Баяндамашы «формативті бағалау – оқушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. Бұл бағалаудың түрі күнделікті сабақтағы тәжірибе кезінде қолданылады. Ол мұғалімге сыныптың үлгерімін жаңартуда көмектесетінін» айтып, өз тәжірибесімен бөлісті.

Күн тәртібінің екінші бөлігі бойынша ұстаздар формативті бағалаудың 30 % тоқсандық бағаға әсері оқушылардың мотивациясын арттыратынын айта отырып, өз пікірлерімен бөлісті.

Күн тәртібінің үшінші және төртінші бөлігі бойынша мектепшілік пән олимпиадасы және тарих пән онкүндігінің жоспарлары талқыланды.

Бесінші сұрақ бойынша «Айқанат» олимпиадасының нәтижелері, ҰБТ-ға дайындық жайында әтүрлі сұрақтар талқыланды.

Қаулы:
1. Ағылшын тілі пән мұғалімі Мұхамеджанова Г.Б. дайындаған презентациядағы ақпарат есепке алынсын.
2.Мектепшілік пән олимпиада және тарих пәнінің онкүндік мерзімдері бекітілсін.
3.Айтылған пікірлер есепке алынсын.

ӘБ жетекшісі Аубакирова Г.У.

Гуманитарлық пәндер бірлестік отырысының

№ 3 хаттамасы

11 қаңтар 2022 жыл

Қатысқандар: ӘБ мүшелері (екі мұғалім қатыспады себептермен)
Тақырыбы: «Дарынды балалармен жұмыс жүргізу»

Күн тәртібі

1.Тарих пәнінің мұғалімі Асылтасова Ж.М. баяндамасы.
2.Мұғалімдердің тақырып бойынша өзара пікір алмасуы.
3.Қазақ, орыс тілдерін оқыту барысында PIZA-2022 тапсырмаларын енгізу.
4.Тарих пәнінің онкүндігін бағалау.
5.Әртүрлі.

Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша тарих пәнінің мұғалімі Асылтасова Ж.М. баяндамасы тыңдалды. Баяндамашы дарынды баланың ерекшелігімен таныстырып, өзі сабақта пайдаланатын әдіс –тәсілдерімен таныстырды.

Күн тәртібінің екінші бөлігі бойынша ұстаздар өз пікірлерін айтты.Ағылшын тілі пән мұғалімі Мухамеджанова Г.Б. «Сабақта көбінесе ауыз-екі сөйлеу дағдысын дамытатын тапсырмаларды қолданамын.» Достанбекова А.А. «Мен көбінесе эвристикалық тапсырмаларды қолданам: синквейн, кроссворд, жұмбак шешу,т.б. »

Күн тәртібінің үшінші сұрағы қазақ, орыс тілдерін оқыту барысында PIZA-2022 тапсырмаларын енгізу болды.Бұл тапсырмаларды арнайы жинақтан алатын боламыз.

Күн тәртібінің төртінші бөлігі бойынша тарих пән онкүндігінің өтуі талқыланды.

Бесінші сұрақ бойынша әртүрлі сұрақтар талқыланды.

Қаулы:

1.Тарих пән мұғалімі Асылтасова Ж.М. баяндамасының ақпараты есепке алынсын.

2.Қазақ, орыс тілдерін оқыту барысында PIZA-2022 тапсырмалары енгізілсін..

3.Тарих пән онкүндігінің өтуі «қанағаттанарлық» деп есептелсін.

3.Айтылған пікірлер есепке алынсын.

ӘБ жетекшісі Аубакирова Г.У.

Гуманитарлық пәндер бірлестік отырысының

№ 4 хаттамасы

25 наурыз 2022 жыл

Қатысқандар: ӘБ мүшелері (екі мұғалім қатыспады себептермен)
Тақырыбы: «Тіл пәнінің оқытудың ерекшеліктері»

Күн тәртібі

1.Орыс тілі пәнінің мұғалімі Чванина Е.А. баяндамасы.
2.Мұғалімдердің тақырып бойынша өзара пікір алмасуы.
3.Емтихан материалдарын талқылау.
4.Әртүрлі.

Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша орыс тілі пәнінің мұғалімі Чванина Е.А. баяндамасы тыңдалды. Баяндамашы күн талабына сай орыс тілі мен әдебиетін оқытудың ерекшелігімен таныстырып, өзі сабақта пайдаланатын әдіс –тәсілдерімен таныстырды.

Күн тәртібінің екінші бөлігі бойынша ұстаздар өз пікірлерін айтты. Орыс тілінің мұғалімі Тищенко В.В. 9,11- сынып оқушыларының корытынды емтихан тапсыруға дайындық барысымен бөлісті. 11-сынып оқушыларымен эссе жазуына дайындық туралы айтып, 9-сынып оқушыларына тест тапсырмаларын беріп,дйындық жүргізіп жатқанын атап өтті.

Күн тәртібінің үшінші сұрағы қазақ, орыс тілдері бойынша емтихандк материалдарды талқыланды.

Төртінші сұрақ бойынша әртүрлі сұрақтар талқыланды: орфографиялық минимум және сауатты жазу ережелерін үнемі қадағалау еректігі айтылды.

Қаулы:
1.Орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Чванина Е.А. баяндамасының ақпараты есепке алынсын.
2.Қазақ, орыс пәндері бойынша емтиханға дайындық қолға алынсын.
3.Айтылған пікірлер есепке алынсын.

ӘБ жетекшісі Аубакирова Г.У.

Гуманитарлық пәндер бірлестік отырысының

№ 5 хаттамасы

28 сәуір 2022 жыл

Қатысқандар: ӘБ барлық мүшелері қатысты

Тақырыбы: «2021-2022 оқу жылының ӘБ жұмыс барысын талқылау»

Күн тәртібі

1.2021-2022 оқу жылының ӘБ жұмыс барысын талқылау.
2. Мектепшілік «Абай» клубының жұмыс есебі.
3.Әртүрлі.

Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша ӘБ жетекшісі Аубакирова Г.У. баяндамасы тыңдалды. Баяндамашы бірлестіктің атқарған жұмысы жайында есеп берді: өткен оқу жылында біздің мектеп оқушылары гуманитарлық пәндер бойынша мектепшілік, аудандық, облыстық, республикалиқ олимпиадаларға қатысып, жүлделі орын алғанын атап өтті. Сонымен қатар кемшіліктерді де белгіледі: кейбір оқушылардың қорытынды аттестацияға дайындық кезеңінде алып жүрген төмен балл көрсеткіштері және оқушылардың зерттеушілік іс-әрекет жұмысына аз тартылуы.

Күн тәртібінің екінші бөлігі бойынша мектепшілік «Абай» клубының жетекшісі Аубакирова Г.У. баяндамасы тыңдалды. Баяндамашы өткен оқу жылындағы клубтың жұмыс барысын талқыға салып, атқарылған істерге оң бағасын берді.

Күн тәртібінің үшінші сұрағы бойынша қорытынды аттестацияға байланысты өзгерістер қарастырылды. Өз пікірлерімен Байконурова Б.А., Тищенко В.В., Асылтасова Ж.М. бөлісті.

Қаулы:
1.ӘБ жетекшісінің баяндамасы есепке алынсын.
2. «Абай» клубының жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
3.Айтылған пікірлер есепке алынсын.

ӘБ жетекшісі Аубакирова Г.У.